



Алау эстафетасы - Орал шаһарында

Қаңтардың 12-сі күні VII қысқы Азиада алауы Кувейт мемлекетінен Қазақстанға келіп жетті. Алматыдан бастау алып, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Ақтау, Атырау қалаларын айналып өткен олимпиада алауын 18 қаңтар күні оралдықтар Орал шаһарының көрікті жерлерімен алып өтті. Жеңіс алаңынан басталған салтанатты шеруде облыс әкімі Бақтықожа Салахатдинұлы алғашқы болып құтыдағы оттан алауды жақты. Бұдан соң, Азиада жалыны қолдан-қолға өтіп, алдымен Достық даңғылының бойымен, кейін Абай, Сырым ескерткіштерінің алдымен өтті. Одан алаугерлер Мәншүк Мәметова ескерткіші алдына аялдап, М.Ықсанов, Құрманғазы көшелері мен Еуразия даңғылы арқылы алау Мұз айдыны сарайына жеткізілді.

Отты алып жүру құрметіне ие болғандар арасында жергілікті билік өкілдері, көрнекті қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, белгілі спортшылар, өнер иелері мен саясаткерлер де бар. Бұлардың ішінде біздің оқу орнымыздан академик Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков, ҚР спорт қайраткері Қамеш Исмағұлұлы Исмағұлов алау эстафетасын алып жүгіру мәртебесіне ие болды. Олардың әрқайсысы 100 немесе 200 метрге дейінгі қашықтықты жүріп өтті. Қала тұрғындары орталық алаңға шығып, алаугерлерге қолдау көрсетті. Екі кезеңмен өткен эстафета Мұз айдыны сарайында мерекелік концертпен аяқталды.

20 күн ішінде Алау Қазақстанның барлық аймақтарын аралап, 30 қаңтар күні Астана көшелерімен өтіп, жаңа «Астана-арена» стадионында Азия ойындарының салтанатты ашылу рәсімінде мәресіне жетпек.

Үлкен жауапкершілік міндет арқалап отырған, елдің мерейін үстемдеткен Астана мен Алматыда өтетін қысқы Азия ойындарының «Азиада



болды. Жастар мен үлкендер бірдей бұл шарадан қалмауға тырысқан. «Алға, Қазақстан!», «Жаса, жеңімпаздар!» деген ұран Азия ойындарының лебін сездіргендей. Байрақты бәсекеде отандастарымыздың жұлдызы жансын дейміз.

ойынға шорт-трек спорт түрінен Айдар Бекжанов, Артур Сұлтанғалиев, Нұрберген Жұмағазиев, Абзал Әжіғалиев, Әсел Камешева, Инна Симонова, Ксения Мотова, Мәдіғали Қарсыбеков.

Допты хоккей

Мұз айдынында екі команданың (әр командада он алаңдық ойыншы мен жалғыз қақпашы бар) қатысуымен өтетін қысқы командалық спорт түрі. Қақпаны сырғытпа таяқтары жоқ қақпашылар қорғайды. Ойынның ұзақтығы уақытпен шектеулі (45 минуттан 2 тайм, төрешінің шешімімен қатты аязда 30 минуттан 3 тайм). Қазақстандағы допты хоккей 1950 жылдан басталады. Алматының мықты топтары еліміздің беделді командалары арасында ойнау құқығына ие болып, нәтижелі ойын көрсетті. Азиада ойындарында бақ сынайтын батыстық допты хоккейшілердің жаттықтырушысы ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы – Алексей Никишов және Александр Ионкин.

Мәнерлеп сырғанау

Мәнерлеп сырғанау жекелей (ерлер мен әйелдер), жұптық сырғанау және спорттық билерден құралған. Олимпиадалық жарыстар жекелей және жұптық сырғанауда 1908 жылдан бастап өткізіледі. Спортшылардың өнер көрсетуі алты балдық жүйе бойынша бағаланады. Қысқа бағдарламада сегіз ұйғарымды элемент техникасы және ұсынылған бағдарлама, еркін бағдарламада – техника және әртістік өнер, еркін биде – техникалық шеберлік және көркемдік әсер бойынша бағаланады. Әрбір қатысушының (жұптың) орны төрешілердің абсолюттік көпшілігімен (тақсан) анықталады. Біздің өңірден мәнерлеп сырғанау бойынша В.Адоньев пен В.Кучеренко, С.Алексеева қатыспақ.

VII Қысқы Азия ойындарына Батыс Қазақстан облысының атынан қатысатын спортшылар мен ойын түрлері туралы мәлімет.

Шорт-трек

Ішкі хоккей алаңында қашықтықты барынша тез бағындырумен қорытындыланатын конькимен тез жүгіру түрі (айдынның шеңбері – 111,2 м). Жарыс бағдарламасына жүгірудегі жекелей біріншілік – 500 м, 1000 м, 1500 м (ерлер мен әйелдер) және 3000 м (әйелдер) мен 5000 м (ерлер) эстафеталық жарыстар енеді. Спортшылар сағат тіліне қарсы айдынның сопақ шеңбер бойымен жүгіреді. Эстафетада әр командадан бес спортшы қатысады деп жоспарланып отыр. Батыс Қазақстан облысынан



алауы» әнұранының авторы, жерлесіміз, ҚР халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, композитор **Ескендір Хасанғалиев:**

- Менің бір қуанатыным, мына Алау 7-ші болып тұр ғой, жетінші қала. Мен өзім 7-ші болып шықтым, 7-ші Азиада. Барлығы 7 болып жатыр ғой, ол да бір қызық нәрсе енді. Шек жоқ қуанышымызда, елімізге амандық тілеймін, елімізде осындай қуаныштар бола берсін, - дейді.

- Бұл мақтаныш. Бұл жастарға өз Отанын сүйе, Спортпен айналысуға көп жәрдем болады деп ойлаймын. Және Орал облысы халқының атынан Азиадаға қатысып жатырған біздің қазақстандықтарға табыс тілеймін, - дейді **ҚР Құрметті спорт қайраткері Қамеш Исмағұлов.**

Шаһар көшесі адамға лық толы

Біздің М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғана емес, еліміздің намысын қорғайтын, әлемді алаңдатар Азиадаға аттанатын спортшыларымызға сәттілік серік болсын дейміз!

Камешева Асель Кайратовна, студентка 2 курса заочного отделения педагогического факультета специальности «Начальная военная подготовка» ЗКГУ им. М.Утемисова.

Она - член национальной сборной РК по шорт-треку, мастер спорта, неоднократный призер республиканских соревнований.

В 2010 г была главным секретарем на Чемпионате РК по шорт-треку. Является судьей национальной категории. Ее кандидатура заявлена на участие в VII Зимних Азиатских Играх в качестве помощника главного секретаря по шорт-треку.



Мотова Ксения Владимировна, студентка 1 курса педагогического факультета специальности «Физическая культура и спорт» ЗКГУ им. М.Утемисова.

Ксения участвовала во многих крупных соревнованиях международного и республиканского уровней. Является неоднократным призером этих соревнований. Неоднократная чемпионка Республики Казахстан по шорт-треку на дистанции 1500, 500, 1000, 3000 метров.

В 2007 году выполнила норму мастера спорта по шорт-треку, является членом национальной сборной Республики Казахстан.

В настоящее время в составе сборной Республики Казахстан готовится к Азиатским играм, проводимым в Казахстане.

Симонова Инна Валерьевна, студентка 1 курса педагогического факультета специальности «Физическая культура и спорт» ЗКГУ им. М.Утемисова.

Симонова Инна участвовала во многих крупных соревнованиях международного и республиканского уровней. Является неоднократным призером этих соревнований.

Десятикратная чемпионка Республики Казахстан по шорт-треку на дистанции 1500, 500, 1000, 3000 метров. В 2007 г. выполнила норму мастера спорта по шорт-треку, является членом национальной сборной Республики Казахстан.

В настоящее время в составе сборной РК готовится к Азиатским играм, проводимым в Казахстане.



Жұмағазиев Нұрберген Батырғалиұлы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ педагогикалық факультетінің «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының сырттай бөлімінің 305131 топ студенті.

Н.Б. Жұмағазиев – шорт-трек бойынша спорт шебері. ҚР ұлттық құрамасының мүшесі. VII Қысқы Азиада ойындарына қатысушы.



2007ж. Азиада ойындарынан 5000м қашықтықта жүгіруден 4 орынға ие болған, 500м, 1000м, 1500м, 3000м, 5000м қашықтықта шорт-трек бойынша Қазақстан Республикасының бірнеше мәрте чемпионы.



Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін.

Бауыржан Момышұлы

Адал еңбек

Оқу ордамызда дәстүрге айналған іс-шаралар жиынтығы жыл сайын көбеймесе, азайған емес. Бұған дәлел ретінде, 2010 жылдың 23 желтоқсан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор - оқытушылар құрамына 2009-2010 оқу жылының оқу, ғылым және тәрбие жұмыстарының қорытындысы бойынша «Адал еңбегі үшін» белгісін салтанатты табыс ету кеші өтті.

«Адал еңбегі үшін» белгісін табыс ету кеші - тарихы тереңге жайылған университетте аянбай еңбек етіп жүрген профессор-оқытушылар ұжымы мен қызметкерлер үшін өте маңызды шаралардың бірі болып табылады.

2009-2010 оқу жылы университет ұжымы үшін жемісті жыл болды, өйткені оқу ордамыз халықаралық деңгейдегі аккредитациядан сәтті өтіп, университет ректоры Тұяқбай Зейітулы Рысбеков Европа ректорлар клубының құрамына енді. Бұл - университеттің ұжымы мен студент-жастары үшін зор мақтанш.

Биылғы жылғы шараға жаңа номинация енгізілді, бұл - «Кәсіби шеберлігі үшін» деп аталады. Бұл номинация университетте тұрақты сапалы қызмет атқарып, өз ісінің хас шебері атанған жандарға берілуі көзделді.

Салтанатты марапаттау кеші мынадай номинациялар бойынша өткізілді:

- ✓ «Жыл тұлғасы» номинациясы
- ✓ «Туған Alma-mater-ге даңқ әкелетін есім» номинациясы
- ✓ «Кәсіби шеберлігі үшін» номинациясы
- ✓ «Ғылым» номинациясы
- ✓ «Ең үздік оқу құралы» номинациясы
- ✓ «Мінсіз еңбек» номинациясы
- ✓ «БҚМУ үміті» номинациясы

Салтанатты мерекеге орай университет ректоры, академик Т.З.Рысбеков құттықтау сөз сөйлеп, Мұханбетжанова Әлия Меңдешқызын «Жыл тұлғасы» номинациясымен марапаттады.

Келесі номинацияларға төмендегі профессор-оқытушылар ие болды:

- ✓ «Туған альма-матеріне даңқ әкелетін есім» номинациясы:
 1. Кузьмичева Александра Егоровна
 2. Өтемісов Шавхат Әнесұлы
- ✓ «Ғылым» номинациясы:
 - Нұрғалиева Ағила Мұстахымқызы
- ✓ «Үздік оқу құралы» номинациясы:
 - Нағымова Меңдіғаным Мергенбайқызы
- ✓ «Мінсіз еңбек» номинациясы:
 - Таушева Гүлжан Зәкірқызы
- ✓ «БҚМУ үміті» номинациясы:
 - Жарылғапова Дина Мұратқызы
- ✓ «Кәсіби шеберлігі үшін» номинациясы:
 - Абуханова Алма Ғабдрахымқызы.

Кеш барысында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Жұмағаным Рахимова, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары Марат Сарбепеев, Жаңылсын Хасанова, доцент Қарлығаш Айтқалиеваның жетекшілігімен «Арна» би ансамблі, университеттің жұлдыздары Қуаныш Қисметов пен Раушан Қуаншалиева және республикалық конкурстардың лауреаттары Тарас Жауынбаев, Ибрагим Жантуллиндер өнер көрсетті.

Жаңа жылмен тұспа-тұс келген жыл қорытынды кеші өз мақсатына жетті. Оқу ордамыздың профессор-оқытушылар ұжымы мен қызметкерлері бұл кештен жақсы көңіл-күймен тарқасты.

Жаңа оқу жылында өзінің уақытын аямаған, өзгенің уақытын аялаған университеттің оқытушылар ұжымы мен қызметкерлеріне мықты денсаулық, отбасылық бақыт және еңбектеріне толайым табыстар тілейміз!

Мейрамгүл СРАЛИЕВА



«Мінсіз еңбек» -
Таушева Гүлжан Зәкірқызы



«БҚМУ үміті» -
Жарылғапова Дина Мұратқызы



«Жыл тұлғасы» -
Мұханбетжанова Әлия Меңдешқызы



«Туған альма-матеріне даңқ әкелетін есім» -
Кузьмичева Александра Егоровна



«Кәсіби шеберлігі үшін» -
Абуханова Алма Ғабдрахымқызы



«Үздік оқу құралы» -
Нағымова Меңдіғаным Мергенбайқызы



«Ғылым» -
Нұрғалиева Ағила Мұстахымқызы

Жыл сыйлаған ЖЕТІСТІК

✦ Физика, математика және информатика кафедрасының аға оқытушысы О.В.Насс жаңа 2011 жыл басында Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінде информатика мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғады.

✦ 2010 жылдың 1-7 желтоқсан аралығында Германияның Ганновер қаласында өткен V халықаралық Euro-Eso форумна қатысқаны үшін университет ректоры Т.З.Рысбеков академиялық және ғылыми кеңестің шешімімен ерекше еңбегі мен ғылыми зерттеулері үшін «Құрмет» орденімен, I проректор Ә.С.Тасмағамбетов Готфрид Вилгелм Лейбниц медалімен наградталды. Осы форумда университет ректоры «Батыс Қазақстан облысындағы қоршаған ортадағы экожүйені бақылау» атты баяндамасын көпшілікке ұсынған еді. 2010 жылдың 27 желтоқсанында БҚМУ мен Польшаның Быдгощ қаласындағы Экономика университетімен арадағы ынтымақтастық туралы екіжақты келісімге қол қойылды. Сонымен қатар 2011 жылдың 13 қаңтарында Европалық академияның жаратылыстану ғылымдары президиумы университет ректоры Т.З.Рысбековты академияның мүшесі ретінде қабылдауға ұсыныс білдіріп, шешім қабылдаған болатын.

✦ БҚМУ-не Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің № 367-746/10-6, 20.02.2010 жылғы бұйрығына сәйкес магистратураның 6M011200 Химия, докторантураның 6D020300 Тарих, 6D010300 Педагогика және психология, 6D050600 Экономика, 6D060700 Биология мамандықтары бойынша мемлекеттік лицензия берілді.

✦ 2010 жылы БҚМУ магистранттарының «Жаңа ғасырдағы ғылым мен білім» ғылыми мақалалары жинағының 2 шығарылымы жарық көрді. Жинақта 1, 2 курс магистранттарының магистрлік диссертациялары бойынша теориялық талдаулары, ғылыми зерттеулерінің, эксперимент жұмыстарының нәтижелері баяндалды. Жинақтың тұрақты ғылыми басылымға айналуы жоспарланып отыр.

✦ Тарих мамандығының 2 курс магистранты Базарова Бибиғұл Германияның Майнц қаласындағы Й.Гуттенберг атындағы университетте тілдік дайындық курсынан өтуде және Германияның кітапханаларында «Қазақстанның халықаралық аренадағы саяси беделінің қалыптасу тарихы (1991-2009 жж.)» (Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Т.З.Рысбеков) тақырыбында магистрлік диссертациясы бойынша жұмыс жасауда. Б.Базарова болашақта Й.Гуттенберг университетіне PhD докторантураға түсуді жоспарлап отыр.

✦ Жалпы тілтану және аударма кафедрасының оқытушысы, магистр Владислав Зубков Германияның Й.Гуттенберг атындағы университетінде PhD докторантурада оқып жатыр. Ол Гуттенберг университетінің профессоры Г.Лампертаның жетекшілігімен «Factors determining expressiveness in SMS Chats» тақырыбында докторлық диссертация жазуда.

✦ Шетел тілі мамандығының 1 курс магистранты Жаннат Мусина шетелде кадрларды даярлау жөніндегі республикалық комиссия отырысының қорытындысы (2010 жылдың 22 желтоқсаны) бойынша педагогика және психология мамандығынан «Болашақ» стипендиясын иеленді.

✦ М.Өтемісов атындағы БҚМУ Ресей халықтар достығы университетімен бірлескен бағдарлама бойынша магистрларды даярлау келісімшарты жүзеге аса бастады. 2010 жылы «Менеджмент» бағыты бойынша «Жалпы және стратегиялық менеджмент» мамандығына Ресей халықтар достығы университетінің магистратурасына 19 студент қабылданды.

✦ М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің магистранттары Ресей халықтар достығы университетінде (Мәскеу қаласы) қараша-желтоқсан айларында ғылыми тағылымдама бағдарламасынан сәтті өтті. Филология факультетінің 5 магистранты университеттің Шетел тілдері институты базасында «Магистерская стажировка по актуальным вопросам билингвизма, полилингвизма, теории и практики перевода» бағдарламасы аясында Macmillan орталығының «Global English in the Global World» семинарына, III Батаев оқулары халықаралық пәнаралық конференция жұмысына белсенді қатысты. 32 магистрант Халықаралық бағдарламалар институтында «Управление знаниями, креативностью, инновациями в современном обществе» бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының әдіснамасы және әдістемесі негіздерімен, инновациялық ақпараттық технологияларды магистрлік диссертацияны орындау барысында қолдану ерекшеліктерімен танысты. Барлық магистранттар сертификаттарға ие болды.

✦ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын тағайындау жөніндегі конкурстың қорытындысын шығарды. Қазақстанның 86 жоғары оқу орындарынан 836 үміткерлер қатысып, олардың ішінен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының 200 иегері анықталды. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аймақтық ресурстық орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлия Меңдешқызы Мұханбетжанова «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына ие болды.

✦ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылдың 23 желтоқсанындағы бұйрығымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің экономикалық теория және бизнес кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, доцент Лилия Игоревна Мерғалиева және қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Рита Бекжанқызы Сұлтанғалиева талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияны иеленді. Бұл конкурсқа Қазақстан Республикасы бойынша 500-ден астам үміткерлер қатысып, соның ішінде тек 150-і ғана стипендияға ие болған. Университеттің жас ғалымдары екі жыл бойы ай сайын стипендия алып отыратын болады.

2011 жылдың 6 қаңтар күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Ел тірегі – Елбасы» тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті.

Ел тірегі – ЕЛБАСЫ

Аталмыш дөңгелек үстелге университеттің ректорат ұжымы, институт директорлары мен факультет декандары, жастар даму орталығының белсенділері, атаулы шәкіртақы иегерлері және студент-жастар қатысты. Бұл шара Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың президенттік өкілеттік мерзімін 2020 жыл-

қатар, мәдениет және өнер институтының директор орынбасары И.Ө.Өтеменов те сөз алып, көтеріліп жатқан бастаманың мән-маңызына тоқталды. Жастар атынан сөз сөйлеген студенттік ректор А.Жақсығалиева елімізде жастар үшін жасалып жатқан барлық жағдайларды атап өтіп, ел болашағы – жастардың әрқашан Елбасын қолдайтынын айтты.



ғы 6 желтоқсанға дейін ұзарту жөніндегі бүкілхалықтық референдумды қолдауға бағытталды.

Оқу ордамыздың тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректоры Т.М.Дармиева сөз сөйлеп, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың елді қиын-қыстау кезеңінде аяғынан тік тұрғызып, оның өркендеу, даму жолына қосқан сүбелі үлесін ерекше атап өтті. Сонымен

Дөңгелек үстелде Елбасының осы кезге дейін атқарған игілікті істері мен Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына сіңірген зор еңбегін дәріптейтін баяндамалар оқылды. Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша университеттің мыңдаған студенттер ұжымының атынан көшбасшы жастар Үндеу қабылдады.

2011 жылдың 12 қаңтар күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде VII қысқы Азия ойындарына арналған «Денсаулық-2011» спартакиадасы өтті.

...Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің халқына Жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық-

лығын нығайтуға, олардың арасында салауатты өмір салтын насихаттауға септігін тигізеді. Бұл дәстүр биыл да өз жалға-

«ДЕНСАУЛЫҚ»

әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі атап көрсетілгені мәлім. Қазақ халқы «Тазалық - саулық негізі, саулық - байлық негізі» деп бекер айтпаған. Гүлденген экономиканы дені сау, саналы азаматтар құрады. Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне де байланысты. Дегенмен оған қоршаған ортаның, жұтқан ауаның, ішкенге тамақтың, судың құрамының лас болуы да айтарлықтай ықпал етеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне жүгінетін болсақ, адам денсаулығының 40% - экологияға, 40% - өзінің өмір сүру дағдысына байланысты болса, 18-20% ғана дәрігерлік-медициналық көмекке тәуелді екен.

«Егер әр адам ақылға салып, табиғаттың өзіне сыйлаған мүмкіндіктерін орынды пайдаланып, гигиеналық тәртіпті бұзбай жүрсе, денсаулығына зиян келтірмей ұзақ өмір сүрген болар еді... Сол себепті адамзатты гигиеналық режимдерді аса бұзбай, дұрыс өмір сүруге баулып, сондай өмірдің қажеттілігіне көздерін жеткізу керек», - дейді белгілі ғалым, жүрек хирургиясының әйгілі маманы, академик Н.М.Амосов.

Университетімізде жыл сайын дәстүрлі түрде «Денсаулық» спартакиадасы өткізіліп келеді. Бұл өз кезегінде оқу ордамыздағы профессор-оқытушылар ұжымының денсау-



СПАРТАКИАДАСЫ

сын тауып, 12 қаңтар күні университетте VII қысқы Азия ойындарына арналған оқу ордамыздың оқытушылары мен қызметкерлері арасында дәстүрлі «Денсаулық-2011» спартакиадасының ашылу салтанаты өтті. Аталмыш шараға университет ректоры Т.З.Рысбеков, Ұлы Отан соғысы, тыл және спорт ардагерлері, профессор-оқытушылар ұжымы мен студенттер қатысты. 4 күнге созылған спорттық шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қатысушы командалардың барлығы да өте

жақсы ойын көрсете білді.

Спартакиада қорытындысы бойынша төмендегідей жеңімпаздар анықталды:

Шахмат ойыны бойынша: I орын – университет әкімшілігі, II орын – педагогикалық факультет, III орын – жаратылыстану – математикалық факультеті.

Дойбы ойыны бойынша:

I орын – университет әкімшілігі, II орын – филология факультеті, III орын – педагогикалық факультет.

Үстел теннисі бойынша:

I орын – филология факультеті, II орын – университет әкімшілігі, III орын – Мәдениет және өнер институты.

Волейбол ойыны бойынша:

I орын – университет әкімшілігі, II орын – Мәдениет және өнер институты, III орын – педагогикалық факультет.

Жалпы командалық есеп бойынша, жүлделі I орынға – университет әкімшілігі, II орынға – педагогикалық факультет, III орынға – филология факультеті ие болды.

Шебер ойын көрсетіп, «Үздік ойыншы» марапатына ие болғандар: волейболдан – Ж.Жумаев, И.Утеменов; шахматтан –

А.Н.Володин, Б.Бекқалиев, М.Қисметова; дойбы жарысынан – Д.Чернышев, Қ.Исмағұлов, Ж.Мусина; үстел теннисі бойынша – Е.Усиев, Б.Молдағалиев, М.Темірғалиева.

Еліміздегі ең елеулі оқиға – VII қысқы Азия ойындары жоғары деңгейде өтіп, байрақты бәсекеде спортшыларымыз тек биік шыңдарды бағындырып, қоржынымыз алтындыраға толы болсын деген тілек білдіреміз!

Өз тілшіміз.

Современная молодежь стала одним из самых активных и властных социальных субъектов. От ее экономического, политического и культурного выбора во многом зависит развитие общества. И поэтому задача государства - реализовывать такую культурную политику, которая помогала бы становлению социально зрелой, духовно развитой личности.

В поддержку культурной политики Республики Казахстан

Студенчество сегодня – наиболее активная часть казахстанской молодежи, социальные ориентации которой в недалеком будущем определяют деятельность казахстанской интеллектуальной элиты и вектор развития Казахстана.

Организованное молодежное движение в Казахстане существовало с начала XX века. Возникли различные организации, объединения, которые были нацелены на воспитание патриотизма, укрепление нравственного и физического здоровья. В настоящее время действуют тысячи молодежных общественных объединений, где обретается опыт гражданской работы, формируются гражданские качества.

Одна из актуальных задач культурной и образовательной политики Республики Казахстан современного этапа - воспитание у подрастающего поколения интереса к культуре и искусству, формирование высокого интеллекта и художественного вкуса. Решение этой задачи будет способствовать развитию духовного потенциала юношества, формированию ценностных мировоззренческих основ.

В этом немаловажную роль играет чтение, которое является результатом многовековой интеллектуальной деятельности человека. Человек, не владеющий чтением как интеллектуальной технологией, не может соответствовать современным требованиям, а государство, где такие люди преобладают, определенно проигрывает в разряд второстепенных. В последние десятилетия ситуация с чтением стала особо

сложной. Произошло изменение культурного и ценностного статуса чтения. Современные информационные технологии, массмедиа, шоу-бизнес, занимающие досуговое время многих людей, вытесняют книгу.

Чтение должно быть включено в стратегию жизни каждой личности. Если же этого не происходит и чтение как интеллектуальная технология освоено плохо, если чтение не вошло в структуру жизнедеятельности личности, то её реализация не будет полностью успешной.

Специфика молодежной читательской аудитории побуждает неустанно искать новые, интересные и необычные формы работы. Образовательными центрами, библиотеками накоплен богатейший опыт содействия культурному становлению молодых людей, который проявляется в воспитании читательских вкусов, развитии творческих интересов и организации интеллектуального досуга. Необходимо создать обстановку интеллектуального чтения через читательские центры и объединения, камерные формы – литературные салоны, гостиные, клубы. Эти формы проверены временем, которое вносит свои коррективы. Мероприятия в виде литературных вечеров, праздников книги, вечеров встреч, обсуждений прочитанного, презентаций новой литературы привлекают все большее количество людей.

Идея создания творческого объединения - литературного салона «Свеча» - родилась в 2007 году у студентов первого курса спе-

циальности «Библиотекведение и библиография» (ныне это студенты 4 курса группы 10407).

В составе креативной группы:

Хозяин салона – Быков Сергей, главный сценарист, режиссер и ведущий вечеров.

Музы салона - Зрячкина Мария, Рамеева Бэлла, Петрова Юлия, Мухамадиева Дина (2009-2010гг.) - Помощницы Хозяина салона, соведущие вечеров.

Хранитель традиций - Пивень Евгений (2007-2009) – работа с альбомом, отзывами, фотографиями, автографами, литературными произведениями студентов (сбор, хранение, оформление).

Художник-оформитель – Султанова Айнар.

Администратор салона - Голованова Алина - оформление зала, поиски необходимой атрибутики мероприятий, обеспечение противопожарной безопасности.

Координатор проекта - Коленко И.М. – Куратор, преподаватель кафедры

За годы сложились определенные традиции проведения литературных вечеров. Поэтический вечер ведет Хозяин салона и Музы салона, которые выбирают тему, подбирают стихи, аудио- и видеоматериалы, необходимую атрибутику, пишут сценарий, оформляют книжную выставку и помещение, приглашают гостей.

Обязательная атрибутика – свеча в подсвечнике - символ данного вечера, портрет героя вечера, книжная выставка, красные шелковые шарфы Хозяина и Муз. Симво-

вол вечера зависит от содержания творчества автора – это кисти красной рябины, гитара, карнавальная маска и прочее.

Успешное открытие салона состоялось 9 октября 2007 литературным вечером к 115-летию М.Цветаевой «Красною кистью рябина зажглась...» в театре книги областной библиотеки для детей и юношества им. Х.Есенжанова. Всего за 2007- 2010 годы проведены 21 литературный вечер. Наиболее удачны, на мой взгляд: поэтический вечер – «Кобзарь», поэтический вечер «Послушайте!» по творчеству В.В.Маяковского, поэтический вечер «Лики любви Сергея Есенина», вечер поэзии М.Ю. Лермонтова «Неведомый избранник», поэтический вечер «Мои стихи - послание миру».

Друзьями, постоянными или частыми участниками вечеров стали доценты ЗКГУ Гурьева Г.Г., Опря О.В., заслуженный артист РК Попов В.Я., солистка областной филармонии М. М.Дикина, уральские поэты Порошина М., Шабарина Т., Ирхин В., Рябина А., Кожевников А., автор песен и концертмейстер Абрамова С., концертмейстер М.Половинчева, ветеран ЗКГУ Космосова А.А., журналисты Самойлова Г., Хлопкова А., Мартынова И. Второй год вечера проходят под аккомпанемент акустической гитары археолога Александра Крыгина.

23 апреля 2010 года в ежегодный Всемирный День книги к 65-летию Великой Победы совместно с областной универсальной научной библиотекой им. Ж.Молдағалиева в малом зале филармонии была проведена литературно-музыкальная презентация книги «Хронограф Победы». Присутствовали и уча-

ствовали ветераны войны; издатель и составители книги - Кульпин С.П. - редактор газеты «Информбиржа», Иночкин В.А. – начальник государственных архивов ЗКО; сотрудники и руководство библиотеки - Исатаева Р.Ж. Уразаева Ш.К. и др.; студенты ВУЗов, колледжей, школьники. Мероприятие прошло с высоким эмоциональным подъемом, вызвало общественный интерес, широко освещалось в СМИ.

Круг друзей салона расширяется. Сейчас в вечерах участвуют студенты и преподаватели ЗКГУ им. М. Утемисова, студенты института «Евразия», музыкального колледжа им. Курмангазы, ученики 10-11 классов школы-гимназии вальдорфской ориентации, сотрудники районных библиотек – Евгений Пивень (Теректинская ЦБС) и Нурзиля Сабирова (Жанибекская ЦБС), хор «Берегиня» украинского национально-культурного центра «Еднання», жители города.

С 2007 года литературный салон «Свеча» принимает участие в мероприятиях библиотек города, посвященных ежегодной республиканской акции «Одна страна – одна книга».

Деятельность творческого объединения - литературный салон «Свеча», в работе которого заинтересованы и реализуют себя все студенты группы-организатора и студенты специальности «Библиотекведение и библиография», подтвердила, что подобные объединения являются креативной формой пропаганды чтения, формирования интереса к будущей профессии и приобретения навыков и умений профессиональной деятельности.

Уважаемые студенты! Весь образованный мир живет сейчас под девизом «Читать – это модно!». Присоединяйтесь!

КОЛЕНКО И.М.,

преподаватель кафедры «Театрально-хореографическое искусство и библиотекведение»



Р
К
Е
Н

№ 1 (859) Қаңтар 2011 жыл



